

Erasmus+ KA2 Жоғарғы білім беру саласындағы әлеуетті арттыру
Ақпаратты тарату 3, 06/2018

ECAP – ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ЖЕР РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ САЯСАТЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ УНИВЕРСИТЕТЕРІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ

Жобаның соңғы кезеңі еуропалық көшбасшылардың басшылығымен Орталық Азия серіктестері әзірлеген электрондық оқыту платформасын және инновациялық курстарды тестілеуге арналған. Пилоттық тестілеу жобада № 2 жұмыс пакеті - «Өңдеу» шеңберінде жеке жобалар түрінде жоспарланған. Ол екі кезеңде жүзеге асырылды. Бірінші кезеңде курстар Орта Азия елдерінің серіктес жоғары оқу орындарының оқытушылары мен басқа университеттердің сарапшылары, сондай-ақ мемлекеттік органдар тарапынан тексерілді. Екінші кезеңде студенттер оқу үрдісінде курстардан өтті. Кері байланыс сауалнама арқылы алынды. Осы өзгерістер негізінде оқу жоспары мен курстар дайындалды. Жоба нәтижелерін жариялау және тарату жолдарын халықаралық семинар барысында консорциумда талқылады. Қосымша ақпаратты жариялау және тарату қазақстандық және өзбек серіктестерінің семинарларында, сондай-ақ жобаны аяқтағаннан кейін серіктес мемлекеттердегі мемлекеттік органдар мен басқа университеттер арасында сипатталды.

Пилоттық тестілеудің нәтижелері

Пилоттық тестілеуді Орталық Азия серіктестері - Қазақ үлттық аграрлық университеті, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Самарқанд мемлекеттік университеті және Бердах атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеттері үйімдастырырды. Жобаның шеңберінде құрылған курстар бойынша тестілеуді Орталық Азия серіктес университеттерінің студенттері мен оқытушылары және басқа мекемелердің сарапшылары өтті:

- Табиғи ресурстар және тұрақты даму,
- Жер ресурстарының мониторингі және кадастры,
- Қоршаған ортаның мониторингі,
- Жерді пайдалануды жоспарлау,
- ГАЖ / РЖ-ны экологиялық мониторинг жүргізу үшін қолдану,
- Жер ресурстарын басқару және карта құру,
- Экологтар үшін ГАЖ негіздері және экологиялық модельдеу,
- Климаттың өзгеруі және жерді пайдалануды басқару.

Онлайн курсардың мазмұнын, сапасын және күрделілігін бағалау үшін пилоттық тестілеуге 100-ден астам адам қатысты. Жобаның нәтижелерін жақсарту үшін қолданыстағы курстарға пилоттық тестілеу бойынша пікірлер енгізілді.

Erasmus+ KA2 Жоғарғы білім беру саласындағы әлеуетті арттыру
Ақпаратты тарату 3, 06/2018

ECAP – ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ЖЕР РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ САЯСАТЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ УНИВЕРСИТЕТЕРІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ

Жобаның соңғы кезеңі еуропалық көшбасшылардың басшылығымен Орталық Азия серіктестері әзірлеген электрондық оқыту платформасын және инновациялық курстарды тестілеуге арналған. Пилоттық тестілеу жобада № 2 жұмыс пакеті - «Өңдеу» шеңберінде жеке жобалар түрінде жоспарланған. Ол екі кезеңде жүзеге асырылды. Бірінші кезеңде курстар Орта Азия елдерінің серіктес жоғары оқу орындарының оқытушылары мен басқа университеттердің сарапшылары, сондай-ақ мемлекеттік органдар тарапынан тексерілді. Екінші кезеңде студенттер оқу үрдісінде курстардан өтті. Кері байланыс сауалнама арқылы алынды. Осы өзгерістер негізінде оқу жоспары мен курстар дайындалды. Жоба нәтижелерін жариялау және тарату жолдарын халықаралық семинар барысында консорциумда талқылады. Қосымша ақпаратты жариялау және тарату қазақстандық және өзбек серіктестерінің семинарларында, сондай-ақ жобаны аяқтағаннан кейін серіктес мемлекеттердегі мемлекеттік органдар мен басқа университеттер арасында сипатталды.

Пилоттық тестілеудің нәтижелері

Пилоттық тестілеуді Орталық Азия серіктестері - Қазақ үлттық аграрлық университеті, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Самарқанд мемлекеттік университеті және Бердах атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеттері үйімдастыруды. Жобаның шеңберінде құрылған курстар бойынша тестілеуді Орталық Азия серіктес университеттерінің студенттері мен оқытушылары және басқа мекемелердің сарапшылары өтті:

- Табиғи ресурстар және тұрақты даму,
- Жер ресурстарының мониторингі және кадастры,
- Қоршаған ортаның мониторингі,
- Жерді пайдалануды жоспарлау,
- ГАЖ / РЖ-ны экологиялық мониторинг жүргізу үшін қолдану,
- Жер ресурстарын басқару және карта құру,
- Экологтар үшін ГАЖ негіздері және экологиялық модельдеу,
- Климаттың өзгеруі және жерді пайдалануды басқару.

Онлайн курсардың мазмұнын, сапасын және күрделілігін бағалау үшін пилоттық тестілеуге 100-ден астам адам қатысты. Жобаның нәтижелерін жақсарту үшін қолданыстағы курстарға пилоттық тестілеу бойынша пікірлер енгізілді.

Жобаның жетістігі

Жобаның соңғы жылында 2017 жылдың 9-10 қараша айында Прагадағы Чехия жаратылыстану ғылымдары университетінде (CULS) және 2018 жылдың 1-2 наурызында Венадағы табиғи ресурстар және жаратылыстану ғылымдары университетінде кездесулер өткізілді. Жоба серіктестерінің барлық қызметкерлері екі кездесуге қатысты. Прагадағы кездесуде барлық жоба серіктестері 2017 жылдың сәуірінде жобаның үйлестірушісі ұсынған EACEA ұсынымдарымен, жобаның нәтижелерін тарату іс-шараларымен, сондай-ақ жобаның қаржылық және әкімшілік аспектілері туралы танысты. Жобаның негізгі бөлігі онлайн курсардың аяқталуына және пилоттық тестілеудің шарттарын талқылауға арналды. Венада өткен кездесуде курсардың соңғы нұсқаларын және электрондық оқыту платформасының ерекшеліктері талқыланды, пилоттық тестілеудің соңғы шарттары бекітілді.

Жобаның серіктестері кездесуде, Вена (Австрия)



Жобаның нәтижелерін тарату және консорциумның қорытынды отырысы бойынша Алматы қаласы (Қазақстан) Қазақ ұлттық аграрлық университетінде өтті. Ақпаратты тарату бойынша семинар барысында 2018 жылдың 12-13 маусымында жобаның үйлестірушісі жобаның нәтижелерін, тұрақтылығын және халықаралық деңгейде мүдделі тараптарға және сарапшыларға нәтижелерін ұсынды, ал жоба серіктестері өз елдерінде және мекемелерінде болашақта жобаның тұрақтылығы туралы пікір алмасты. Орталық Азияның серіктестері өз мекемелерінде өткізілген инновациялық және жаңадан құрылған онлайн оқыту модульдерінің pilotтық тестілеу нәтижелерін ұсынды. Консорциум жиналышы 2018 жылдың 14-15 маусымында өтті. Серіктестер жобаның аяғына дейін орындалатын ғылыми-зерттеу жұмыстарын талқылады. Бұдан басқа, қаржылық және әкімшілік мәселелер және қорытынды баяндамаға қатысты іс-шаралар жоспарланған.

Жобаның нәтижелерін тарату бойынша семинар (Алматы, Қазақстан)



Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде жобаның нәтижелерін тарату бойынша іс-шара



Ақпаратты тарату

Жобаның нәтижелерін таратудың негізгі бағыттары:

П.А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің серіктестері 2018 жылдың 7 шілдесінде ақпаратты таратуға арналған семинар өткізді. Семинар оқытушылар мен студенттерге арналды. Оның мақсаты - қатысушыларға жобаның жетістігі туралы ақпарат беру, Қостанай мемлекеттік университетінің мысалында жобаның Қазақстан Республикасына әсері, сол сияқты жақын болашақта жобаның тұрақтылығы мен мақсаттары туралы хабарлау.

2018 жылдың 12 шілде айында Самарқанд мемлекеттік университетінің серіктестері басқа университеттерден, сондай-ақ басқа үйымдардан шақырылған студенттермен жазғы шара үйымдастырылды. Ишараның мақсаты қатысушыларға ЕСАП жобасы және оның нәтижелері туралы хабарлау болды.

2018 жылдың 7 қыркүйегінде Қостанай мемлекеттік университетінде ақпарат таратуға арналған семинар үйымдастырылды. Семинарға университеттің студенттері мен қызметкерлері, басқа оқу орындарының өкілдері, мекемелер мен жұмыс берушілердің компаниялары қатысты. Семинардың мақсаты қатысушыларға жоба туралы, оның жетістіктері мен нәтижелері туралы хабарлау болды.

Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде жобаның нәтижелерін тарату бойынша іс-шара



Самарқанд мемлекеттік университетінде жобаның нәтижелерін тарату бойынша іс-шара



Самарканд мемлекеттік университетінде жобаның нәтижелерін тарату бойынша іс-шара



Бұл жоба Еуропалық Комиссияның қолдауымен қаржыландырылады. Бұл жарияланым тек автордың көзқарасын көрсетеді, сондықтан бұл ақпаратты пайдаланған үшін комиссия жауапты болмайды.